



Тамара Мустафаевна Алдабергенованың

**6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы»
мамандығы бойынша Ph.D философия докторы ғылыми дәрежесін алу
үшін ұсынылған**

**«Плазма және зарядталған бөлшектер ағынымен сәулелендіру әсерімен
графит пен вольфрамның құрылымы мен физика-механикалық
қасиеттерінің деградациясын зерттеу» атты диссертациялық жұмысына**

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ

ПІКІРІ

Т.М. Алдабергенованың диссертациялық жұмысы вольфрамның құрылымы мен қасиеттеріне зарядталған бөлшектер энергиясы ағынының ықпалын зерттеуге арналған. Энергетикалық ТЯР үлгісі болып табылатын ИТЕР реакторы диверторының пластиналарын дайындау үшін негізгі кандидат материал ретінде қарастырылатын және тәжірибе жүзінде маңызды материал - DWF – double forget tungsten grade 99.97 салмақ % вольфрамына әсер ету факторларының зерттелуі - бұл жұмыстың сөзсіз құндылығы болып табылады. Осының арқасында, Т.М. Алдабергенованың диссертациялық жұмысының іргелі ғана емес, айтарлықтай қолданбалы маңыздылығы да бар, өйткені бұл жұмыс басқарылатын термоядролық синтез реакторын құру мәселесінің шешіміне үлесін қосады.

Диссертациялық жұмыста ұсынылған зерттеулер «Қазақстандық Токамак термоядролық материалтану реакторын құруды және пайдалануды ғылыми-техникалық қолдау» ғылыми-техникалық бағдарламасының шеңберінде орындалды, бұл Т.М. Алдабергенованың диссертациялық жұмысында ұсынылған зерттеулердің жалпы әлемдік маңызға ие, сондай-ақ Қазақстан ғылымы үшін де маңызды екендігін айғақтайды.

Т.М. Алдабергенова қойылған міндеттерді шешу барысында - материалдарға термоядролық плазма факторларының әсер ету процестерін түсіну негізінде материалдарға термоядролық сәулелену факторларының әсер ету мәселелерінің шешіміне қатысты жаңа тәсілдемелерді ұсынып, жүзеге асырды.

address for correspondence:
Wybrzeże Wyspiańskiego 27
50-370 Wrocław, Poland

location:
Ignacego Lukaszewicza Str., 5
50-371 Wrocław, Poland

wydz.mech.sekr@pwr.edu.pl
<http://www.wm.pwr.edu.pl/>

T: +48 (71) 320 20 75
+48 (71) 320 27 55
F: +48 (71) 320 42 02

